

Әл-Фарабидің 1150 жылдығы

Абайдың 175 жылдығы




# ЖАС Ұрпақ

№ 01 (79), 2020 ж. наурыз

Еуразия гуманитарлық институтының газеті


## ANNIVERSAIRE DU CÉLÈBRE PENSEUR ABU NASR AL-FARABI

Cette année le Kazakhstan célèbre largement le 1150e anniversaire d'Abu Nasra al-Farabi. Le penseur exceptionnel de l'Est Abu Nasr al-Farabi est né en 870 dans la ville de Farab – à l'endroit où la rivière Arys se jette dans le Syr Darya.

Al-Farabi a été surnommé le "deuxième professeur" après Aristote. Il a laissé un riche heritage scientifique – environ 200 traités qui couvrent une grande variété de branches de la connaissance.

Parmi les œuvres originales, les plus célèbres sont les traités "Perles de sagesse", "Un traité sur les vues des residents d'une ville vertueuse", "Les traits philosophiques" et "Le grand livre de la musique", qui lui ont valu la gloire dans l'Europe médiévale. La vie d'Al-Farabi est un exemple de vie et de recherche de connaissances, de compréhension du monde et de compréhension du sens de la vie. Sur les pensées et les citations spirituelles du grand scientifique et sage, on peut éduquer une personne en tant que personne et renforcer les vraies valeurs humaines. La sagesse d'un grand enseignant est pertinente et a une grande signification aujourd'hui.


Канагат Изтлеуова,
студент группы ИЯК-17-02


## ВЕЛИКИЙ УЧИТЕЛЬ ВОСТОКА

Великий мыслитель Востока Абу Наср аль-Фараби, ученый-энциклопедист, математик, философ родился в 870 г. в городе Фараб, ныне называемом Отрар, расположенном в месте впадения реки Арысь в Сырдарью. В IX-X вв. город Отрар был крупным политическим, культурным и торговым центром и являлся узловым пунктом караванных дорог Великого Шелкового Пути, который связывал Средневековую Европу и Азию. Здесь были заложены основы его научных знаний. В 20-летнем возрасте Абу Наср покинул родину. Затем он учился и работал в Бухаре, Самарканде, многие годы прожил в Багдаде, являвшемся культурным и политическим центром Арабского Халифата. Уже при жизни был признан как «Второй учитель» («Муаллим ассана») после Аристотеля. Изучал астрономию, логику, теорию музыки и математики, социологию и этику, медицину и психологию, философию и право. Оставил многочисленные комментарии к сочинениям Аристотеля и Платона. Он в совершенстве владел тюркским, арабским, греческим, персидским языками. Абу Наср аль Фараби оставил после себя богатое научное наследие – около 200 трактатов, которые охватывают самые различные отрасли знаний. Наиболее известны трактат “Жемчужины премудрости”, “Трактат о взглядах жителей добродетельного города”, “Философские трактаты” и “Большая книга о музыке”, которая принесла ему известность в Средневековой Европе. Имя аль-Фараби прочно вошло в историю мировой науки и культуры. Его труды, оказав большое влияние на европейское Возрождение, стали связующим мостом для сближения культур и философий Запада и Востока. Аль-Фараби считал, что интеллект – основа человечности, доказывал бессмысленность столкновений и войн между людьми. Поэтому достичь самого высшего блага, то есть счастья и мира, можно только через компромиссы. Он считал, что для того, чтобы достичь истинного счастья, надо учиться и быть в постоянном поиске. Последние годы своей жизни он провел в Каире, Алеппо и Дамаске и пользовался большим уважением. В декабре 950 г. в возрасте 80 лет аль-Фараби скончался в Дамаске.

Современный Казахстан по праву гордится своим великим сыном. Имя Абу Наср аль Фараби носят площади и улицы, организации и различные фонды. В 2020 году по поручению Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева в стране широко отмечается 1150-летний юбилей великого ученого Абу Насра аль-Фараби.


Жанна Бабишева,
студент группы ИЯ-17-01,
обладатель стипендии
Президента РК


## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ – АБАЙДЫҢ ХАЛҚЫ

Жаңа жылмен қоса, жаңа идеяға толы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы жарық көрді. Мақала көңілге жылы тиді. Елімізді рухани жетістікке жетелейтін дүниелер зерделенген екен. Абай шығармашылығын белгілі топ өкілдері, яғни зиялы қауым ғана түсінеді, оқиды, насихаттайды. Насихаттағандары қалың бұқараға тарап жатқаны шамалы. Абайды еңбектеген баладан, еңкейген қарттарға дейін түсіну үшін көп жариялымды талап етеді. Ол газет, журнал, ғаламтор желісінде ғана жүрмеу керек. Абай туындылары күнделікті өмірімізбен біте қайнауы тиіс. Бұл дегеніміз – үлкен ойын-сауық орталықтары, мекеме, спорттық кешендер, театрлар, мешіт, көше атаулары Абай өлеңдерінің,карасөздерінің өн бойындағы тіркестерден болса.Мысалы, «Нұрлы ақыл», «Ай менен күн», «Жақсылыққа», «Жәуанмәртлік», «Үш сүю», «Имани гүл». Бұндай атауларды көрген жасы да, кәрісі де «бұл не екен?», «мағынасы қандай екен?» деп ізденеді, оқиды және Абайды табады. Желтоқсан айының аяғында әлеуметтік желіде Нұр-Сұлтан қаласында еліміздің мақтанышы, Димаш Құдайбергеннің жанкүйерлері үшін арнайы «Dears» деп аталған мейрамхана ашылды деген ақпарат тарады. Осы ақпаратқа Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры ф.ғ.д., профессор Ерден Қажыбек фейсбук парақшасында былай деп жазған: «Құтты болсын! Дегенмен аты затына лайық емес сияқты. Димаштың үлгі алар өзгешелігі – қазақ тілі мен төл мәдениетін ұтымды насихаттауында екеніне есте сақтаған жөн. «Айналайын», «Аққуым», «Дайдидау» сықылды бір әдемі қазақ сөзімен атаса дұрысырақ болар еді. Расында да, Димаш арқылы әлемнің миллиондаған халқы Қазақ ұлтының мәдениетін, әдебиетін, тілін танып, тіпті үйреніп жатқаны рас. Сондықтан кез келген жақсы бастамалардан ұлттың ұпайын түгендеуді ойлауымыз керек.

«Дүние жүзінде ғылым мен білімнің түрлі салаларын дамытуға зор үлес қосып, бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар баршылық. Мысалы, Қытай дегенде, Лаоцзы мен Конфуций, Ресей дегенде, Достоевский мен Толстой, Франция дегенде, Вольтер мен Руссо бірден ойға келеді. Сол сияқты, шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде, бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «Қазақ халқы – Абайдың халқы» деп, бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық». Абайдың ескерткішін, нақыл сөздерін әр қаланың, ауданның, ауылдың орталығына, көрікті жерлеріне, мекемелерге, мектептерге, кітапханаларға, барлық рухани ошақтарға, сонымен қатар, шетелдердегі ҚР елшіліктерінің ғимараттарына орнату керек.


жалғасы 3 бетте ▶


## 阿拜175周年和阿布•纳斯尔•阿尔-法拉比1150周年

今年是哈萨克斯坦特殊的精神文化时期。伟大诗人、思想家阿拜•库南巴耶夫诞辰175周年和人类的‘第二导师’阿布•纳斯尔•阿尔-法拉比1150周年庆典活动的举办将彰显哈萨克斯坦的独立和主权。

阿拜•库南巴耶夫生于1845年，是哈萨克斯坦伟大的诗人、作家、思想家、哲学家，以纯洁精练的语言和现实主义手法创作了大量诗歌、散文和哲学作品，被誉为“哈萨克诗圣”。哈政府计划在全国范围内举行约500场相关文艺文化活动，建立阿拜中心，将奖励文学艺术领域最杰出作品的国家奖项更名为“阿拜国家奖”，并与联合国教科文组织联合举办《阿拜遗产与世界精神文化》国际研讨会。

同时并根据计划格所大学举办各种活动.欧亚人文学院的学生门参加了演讲比赛,写中文文章,演出,等等. 在演出学生代表用哈萨克语、俄语、英语、土耳其语、中文、法语、阿拉伯语和德语等多语言背诵了阿拜的作品。

阿拜不仅是哈萨克人的祖先,也是全世界的阿拜.


Ибрагим Мадина,
Токтамысова Гульназ,
студенты группы
Ияк-17-02


## THROUGH CHALLENGES TO KNOWLEDGE

***The best and the most important advice ever given to students is to use all chances do develop themselves, to improve as many skills as possible while studying. When if not now?***



Moreover, our university provides us with such possibilities. Last week thanks to my tutor and other professors of our department I was honored to represent our institute at the Republican English Olympiad in Almaty. It was also a great opportunity to challenge myself and evaluate my knowledge not only of the English language but also of my competences of a future teacher of English, methodological and pedagogical skills These are the reasons why I agreed with no hesitation.

The Olympiad took place at The Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, where we were warmly greeted and first of all were acquainted with a very organized schedule of the event, with all necessary information about the competition and its stages that was extremely helpful especially for us, numerous guests from other regions.

Students from different universities all around the country gathered in this place to show their competitiveness, professionalism, knowledge and other significant skills for their university's major. Not only English teachers but also translators, linguists and philologists took part in this Olympiad.

Honestly, I enjoyed participating and obtaining such precious experience, even if it was very stressful, tiring and quite complicated. I spent much time on completing the tasks there and even more time on preparation the week before. To get to the final we had to go through 3 important stages: the first one was the test evaluating your English skills using quite difficult and confusing tasks and texts, the second stage – solution of pragma-pedagogical situations without any preparation in front of 6 members of the committee of qualified professors, and the third – presentation of the project. Everything was organized properly, there were a lot of participants as well as those teachers and students who were helping to regulate all processes and check assignments very quickly.

I'm glad to have taken part in this Olympiad, even if I didn't succeed in winning this competition, because now I definitely know what needs revision, what skills require improvement and development. I enriched my experience in making presentations in the presence of highly-qualified experts, in completing written tests and pedagogical problems solutions, I met a lot of new people from different cities who we had very meaningful and interesting conversations with and also I found new friends from my own institute and we had a great time in Almaty together.

To conclude, I would like to emphasize this fact one more time: don't waste opportunities, take your chances and don't be afraid of challenges!


Dana Yusupova,
student of group IYA-17-01

# ҰЛЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АШЫҚ КУРАТОРЛЫҚ САҒАТ




***Ұлыларымызды ұлықтап, даналарымызды төрге оздыру – халқымыздың мерейін үстем ететін игілікті дәстүр болып табылады. Біз осы ұлы тұлғалар арқылы қазақ даласында ежелден өркениеттің, білім мен ғылымның, әдебиеттің өркен жайғанын бүкіл әлемге жан-жақты көрсететін боламыз.***

Осы мақсатта әлемге әйгілі ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен ұлы ақын, композитор, философ, саясаткер, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын тойлау мақсатында экономикалық және математикалық пәндер кафедрасы 2020ж. 28 ақпанында «Қаржы» мамандығының студенттерімен «Ұлы халықтың – ұлы Абайы» тақырыбында ашық кураторлық сағат ұйымдастырды.

Қазақ халқы үшін дара тұлға, әрбір сөзі даналықтың үлгісіндей болған ұлы ақын, ойшыл-философ Абай өзінің құдіретті талантымен, көреген ойшылдығымен қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін салып қана қойған жоқ, сонымен бірге өзінің қаламгерлік қуатымен бүкіл қазақ қоғамын тәрбиелеген, жақсылыққа жол сілтеуші ұлы қайраткер, адалдықты, шындықты ту етіп көтерген нағыз халық қамқоршысы болды. Қазақ даласында небір үлкен тұлғалар өмір сүрген, бірақ та дәл Абайдай өз заманына дейінгі дала данышпандарының даналық мәйегін меңгерген, бүкіл көшпелілер дүниетанымын, рухани болмысын, парасатын, көреген ойының мүмкіндіктерін танытқан, сол арқылы бүкіл адамзат санасының дамуына айрықша үлес қосқан дара тұлға болған емес. Абай халықты бақытты бола¬шаққа бастар жолды іздеді. Жастардың бойындағы кеселді кемістіктерді, арсыздық пен ұятсыздықты, дөрекі надандықты тәрбие және білім беру арқылы жоюға үндеді. Ақын ол үшін қазақ балаларын оқытатын мектептерді көптеп салуды жақтады. Ұлы ақын өз шығармаларында халықты ғылыммен белсене айналысуға үндеді. Әркімді өзінің өткен әр күніне міндетті түрде есеп беріп отыруға, келер ұрпақты парасаттылыққа шақырды. Осы орайда, профессор, э.ғ.к. М.Ы. Жүкібай ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстырып, ақынның даналығын, рухани асыл-мұраларын насихаттап, Абай поэзиясында жастарға білім беру, ғылым үйрету мәселесі баяндалғанда көбірек ауызға алынатын екі өлеңі – «Интернатта оқып жүр» және «Ғылым таппай мақтанба» туралы баяндап берді. Сонымен қатар, Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері болып табылады. Абайдың қара сөздері – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін прозалық шығармасы. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне көңіл бөлген. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздерінің тақырыбы мен мазмұны туралы «Қаржы» мамандығының Қ-19-01 оқу тобының студенттері Н. Арыстанов, Т. Багилова, А. Токова таныстырып өтсе, ұлы Абайдың музыкалық саласында мұралары мен өлеңдерін Ф-18-01 оқу тобының студенттері: К. Беккара, А. Туленова және Ф-19-01 тобының студенті Қ. Смағұл оқып берді. Ұлылықтың сырына қанық болып, даралықтың қандай болатынын ұғыну үшін, дана Абай әлемін шарлап қайту мақсатында ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы оқытушылар мен студенттер жүргізушілер қойған сұрақтарға жауап беріп, диалог жүргізілді. Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі – олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында.






Ашық кураторлық сағаттың екінші бөлімінде Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен қызметі жайындағы бейнероликті Ф-18-01 тобының студенті Н. Штеккер дайындап, баяндады.

Кураторлық сағаттың соңында оқытушылар мен студенттер ұлы ақынның «Көзімнің қарасы» әнін орындаумен аяқтады.

М.Ы. Жүкібай,
профессор, э.ғ.к.

# АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

***Қазақ және орыс филологиясы кафедрасы Нұр-Сұлтан қаласындағы №30 мектеп-гимназиясымен бірлесе отырып, «Абай және қазіргі заман» тақырыбында ғылыми семинар өткізді.***

Семинар жұмысында Абайтану пәнін оқытудағы өзекті мәселелер талқыланды. Кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Л.Н. Дәурембекованың Абай қара сөздеріне «ойлаудың 6 қалпағы» тәсілімен өткізген тренингіне мұғалімдер мен оқушылар белсенді түрде ат салысты. Ал магистр, аға оқытушы А.Е. Алимбаев «Абай шығармашылығындағы «толық адам» мәселесі» тақырыбында баяндама жасады. XXI ғасырдағы «ақылды адам», «білімді адам», «тәрбиелі адам» қандай болу керек? «Ұрпақ тәрбиесінде ұстаздардың рөлі қандай болу керек» деген сауалдарға Абай шығармашылығы арқылы жауап берді.

Аталған шара соңында № 30 мектеп-гимназияның оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мырзахметова Ақтоты Жұмабекқызы Хакім Абайдың 175 жылдығын атап өтудің маңызы жайлы айта келіп, қатысушыларды директордың алғыс хатымен марапаттады. Жиын модераторы институтымыздың түлегі, директордың ақпараттық-технологиялар жөніндгі орынбасары Рақымберлі Парасат Мағауияқызы семинар жұмысын қорытындылап, орта білім мен жоғары білім арасындағы ынтымақтастық және бірлесіп жұмыс істеу сапалы маман даярлауда маңызды екенін баса айтты.

Г.С. Райнбекова,
п.ғ.м., аға оқытушы




# АБАЙДЫ ҚҰРМЕТТЕУ – АДАМ БОЛУ



***Ұлы Абайдың жасы 175 жылға толып қалды, бұл күллі қазақ ұлтына маңызы зор жыл деп есептеймін! Ұлы ойшылдар өмірге сирек келеді, ал олардың ойлары әлемге одан да сирек әсер етеді.***

Менің есіме, 2 жыл бұрын кітап дүкенінде болған оқиға түсіп тұр. Сөрелерді аралап жүрген кезде, алыстан шетелдіктің консультанттан қазақтың әдеби кітаптары жайлы сұрап жатқанын және шаршаған, мүйіз көзілдіріктегі жеткіншек оған бірсарынды дауысымен ондай кітаптарды білмейтіні жайлы жауап беріп жатқанын естідім. Дереу сол жерге келіп, дағды бойынша: «Абай қайда?! Абайды әкел!» – деп айттым.

«This is Abai, the greatest philosopher. Poet and writer of the steppe» – деп, еуропалыққа кітапты ұқыпты ұсындым.

Шетелдікке менің осыны құрметпен айтқаным әсер еткен болар, ол Абайдың идеялары жайлы сұрады.

Дәл сол кезде, мен мелшиіп қалдым. Аскетизм мен білімге деген ізденіс жайлы бірнәрсені мыңқылдап, кетер алдында қызараңдап оған міндетті түрде кітапты сатып алу керегін айтып, қашып кеттім.

Ұяттан өртенген мен, қазақ әдебиеті сабағы да, Абайтану да, маған бастысы – Абайдың өзін бермегенің түсіндім!

Бір тұлғаны жиі дәріптейміз деп, оның ұмытамыз! Абайды тану, оның ойына табыну дегеніміз – оның суреті салынған футболка да, билбордтардағы дәйек сөздері де, шумен өткізілетін көрнекті форумдар да емес! Бұл – мұра, шырақ, ал біздің борышымыз – сол шырақты сақтап қалу және бастысы, ұғыну!

Қанша да ыстық болғанымен, оттың құр суреті жылу тарата алмайды!

Маған ұят, өзім үшін, біз үшін ұят – суреттері көбейгенімен, от өшіп бара жатыр.

Біздің мақсатымыз – Абайдың еңбегін түсініп, одан пайда алу. Сізді ешкім Абай жолың қуып, ол сияқты өмір сүруге міндеттеп жатқан жоқ, бұл мүмкін емес, әрі заман да өзгерді. Жай ғана саналы, шыдамды болып, жаппай өркендеуге ұмтылсаныз, менің ойымша, Абай бұған риза болар еді. Ең бастысы – адам болыңыз!

Жандос Актаев,
ЮК-17-01 тобының студенті

# *ANNIVERSAIRE DU PENSEUR EXCEPTIONNEL ABAY KUNANBAEV*

***Cette année marque le 175e anniversaire de la naissance d'Abay Kunanbayev, poète et penseur exceptionnel du peuple Kazakh.***

Abay Kunanbaev est un grand poète et compositeur, penseur, éclaireur et personnage public. Abai est devenu un phénoméne mondial important non seulement grâce à ses recherches littéraires. Il n'était pas limité à sa portée. Pour lui, la literature s'est avérée être une sorte de porte d'or vers le monde illimité de l'esprit universel; elle a fourni une opportunité de pénétrer dans toutes les sphères de l'être fondamental, dans tous les phénomènes sans fin du monde, l'homme, la nation, l'histoire, l'esprit dans leur unité inextricable, l'intégrité, l'harmonie et repousser les limites de la connaissance humaine. La philosophie d'Abay est devenue partie intégrante de la culture et de l'identité nationale de notre peuple. Il était en avance sur son temps et a formulé un système de vue qui, pendant les periodes difficiles, pouvait unir les gens autour des valeurs nationales de leur langue et de leur culture natales... La contribution d'Abay Kunanbayev au développement de la culture et de la communauté du peuple Kazakh est difficile à surestimer. Il est incroyable de voir à quel point les gens ordinaires étaient proches d'une personne appartenant à la classe supérieure.

Аяжан Зарян,
студент группы ИЯК-17-02



## Хроника студенческой жизни

### ЯНВАРЬ

**8 января** состоялось расширенное заседание ректората с приглашением профессорско-преподавательского состава, сотрудников института и лидеров студенческого самоуправления. На заседании были обсуждены актуальные вопросы Государственной программы развития образования и науки на 2020-2025 годы и Закона РК «О статусе педагога», принятого 27 декабря 2019 года.

**18 января** в номинации «Лучший социальный активист 2019 года» национальной премии «Народный любимец» победу одержал студент 2 курса специальности «Юриспруденция» Шасалим Шагалимов.

**18 января** студент группы ИЯК-17-02 Аяжан Зарян под руководством преподавателя кафедры иностранных языков Б.А. Сиреновой приняла участие в акции «Ночь чтения», организованной Министерством культуры Франции в сотрудничестве с Посольством Франции в Казахстане.

**20 января** председатель Комитета по делам молодежи Евразийского гуманитарного института Н.Тырнахан и студенты 4 курса специальности «Переводческое дело» приняли участие в совещании Республиканского информационно-пропагандистского штаба при Агентстве РК по противодействию коррупции на базе Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева.

**23 января** в рамках мероприятий, посвященных 750-летию Алтын Орды, кафедрами педагогики и экономических и математических дисциплин была организована гостевая лекция профессора КазУМО и МЯ им. Абылай-хана, доктора PhD Нуртаса Абдимомынова «Алтын Орданың халықаралық сауда-экономикалық байланыстары XIII-XIV ғғ».

В январе студенты третьего курса специальности «Педагогика и психология» приступили к прохождению учебно-воспитательной практики в столичных, сельских и районных учреждениях среднего образования. Студенты с удовольствием апробировали полученные теоретические знания и проводили занятия, помогали психологам, классным руководителям, общались с учащимися.

### ФЕВРАЛЬ

**3 февраля** в соответствии с Планом противоэпидемических мероприятий по профилактике коронавирусной инфекции участковым терапевтом городской поликлиники №3 Аметовой М.М. и медицинской сестрой Рахметовой С.С. была проведена информационно-разъяснительная беседа о мерах профилактики коронавирусной инфекции.

**7 февраля** по результатам учебно-воспитательной, психолого-педагогической практики кафедрой педагогики была организована итоговая конференция для студентов образовательных программ «Педагогика», «Дошкольное обучение и воспитание», «Педагогика и методика начального обучения», «Педагогика и психология», «История». В ходе конференции студенты поделились своими впечатлениями о практике, продемонстрировали профессиональные навыки и умения по своей будущей специальности.

**11 февраля** волонтерской студенческой группой кафедры юридических дисциплин совместно с членами социального клуба «Zhas Qanat» была проведена акция по очистке территории Центра инклюзивного образования «Росток» от снега.

**12 февраля** в Национальной академической библиотеке Республики Казахстан состоялся круглый стол на тему «Абаеведение и Кайым Мухамедханов», посвященный 175-летию со дня рождения великого поэта и мыслителя Абая Кунанбаева. В мероприятии приняли участие студенты образовательной программы «Казахский язык и литература», заведующий кафедрой казахской и русской филологии, к.ф.н., доцент Л.Н. Дауренбекова и старший преподаватель А.Е. Алимбаев.

**13 февраля** сборная команда Евразийского гуманитарного института заняла третье место в Универсиаде, проводимой Управлением культуры и спорта при поддержке Управления по противодействию наркопреступности ДП г.Нур-Султан.

**13 февраля** прошла итоговая конференция по учебно-воспитательной практике для студентов образовательной программы «Педагогика и методика начального обучения». За время практики студентами были проведены уроки, воспитательные мероприятия, индивидуальные занятия. Студенты – практиканты посещали родительские собрания.

**14 февраля** председатель республиканского молодежного крыла «Жас Отан» Е.С. Бейсенбаев провел встречу с председателями комитетов по делам молодежи и активной молодежью высших учебных заведений и профессиональных учебных заведений города Нур-Султан. На встрече присутствовали председатель комитета по делам молодежи Н.Т. Тырнахан и лидеры студенческого самоуправления Евразийского гуманитарного института. В ходе встречи были затронуты вопросы работы КДМ, проблемы общежитий, были обсуждены вопросы совместной работы учебных заведений столицы.

продолжение на 3-ой странице ▶

◀ начало на 2-ой странице

**20 февраля** студенты групп ИЯК-17-01, ИЯК-17-02 и ИЯК-16-01, ИЯК-16-02 под руководством старшего преподавателя кафедры иностранных языков м.п.н. А.С. Косжановой посетили комедию режиссера Талгата Теменова «Ақ жауын» в Казахском государственном академическом музыкально-драматическом театре им. К.Куанышбаева.

**20 февраля** в рамках празднования 750-летия Золотой Орды преподаватели кафедры казахской и русской филологии провели открытую лекцию, посвященную роману Х. Адибаева «Гибель Отрара». В ходе мероприятия студенты образовательной программы «Казахский язык и литература» обсудили роман, познакомились с важной информацией об Отраре, Золотой Орде. Также состоялся просмотр документального фильма «Формирование Золотой Орды».

**21 февраля** студенты 2 курса образовательной программы «История» под руководством преподавателя А.З. Еслямовой приняли участие в работе круглого стола, посвященного 105-летию со дня рождения историка, ученого Е. Бекмаханова в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру», который прошел на базе центральной городской библиотеки им. М.Ауэзова.

**21 февраля** Евразийский гуманитарный институт посетила делегация из зарубежного вуза – партнера – Токатского Университета Гази Осман Паши (Турция) во главе с координатором офиса международных отношений Кубылай Озиер. Между двумя вузами подписаны соглашение о сотрудничестве в сфере образования, а также протоколы для работы по программам Мевлана и Эразмус. На основе подписанных документов студенты получили еще одну возможность выезжать на учебу по программе академической мобильности.

**21 февраля** специалист Департамента по защите прав потребителей города Нур-Султан А.Г. Мухамеджаров провел лекцию для студентов образовательной программы «Право» по информированию, консультированию и просвещению потребителей.

**25 февраля** школой-гимназией № 30 города Нур-Султан и кафедрой казахской и русской филологии Евразийского гуманитарного института был проведен научный семинар на тему «Абай и современность». На семинаре были обсуждены актуальные проблемы преподавания «Абаеведения».

**25 февраля** в честь 175-летнего юбилея Абая на кафедре педагогики для студентов 2 курса образовательных программ «Дошкольное обучение и воспитание», «Педагогика и психология» прошло познавательно-воспитательное занятие на тему «Педагогические взгляды Абая».

**25 февраля** в рамках соглашения о сотрудничестве и партнерстве специалистами информационной системы «Параграф» (менеджером по обучению Региной Антужите, заместителем руководителя представительства Айгуль Кадырбаевой) была проведена лекция для студентов образовательной программы «Право» о навыках и особенностях применения ИС «Параграф» в профессиональной деятельности юристов.

**26 февраля** кафедра казахской и русской филологии провела конкурс научно-исследовательских работ на тему «Хиссы-эпосы в литературе эпохи Золотой Орды» среди студентов первых и четвертых курсов. Победители конкурса были награждены дипломами и ценными призами.

**27 февраля** по инициативе Департамента юстиции города Нур-Султан в целях реализации плана по повышению правовой грамотности населения и оказания консультационной помощи гражданам по правовым вопросам студенты-волонтеры кафедры юридических дисциплин посетили судебный процесс в районном суде №2 Сарыаркинского района города Нур-Султан.

**27 февраля** ко Дню благодарности был проведен кураторский час на тему «Для благодарности нет предела» для студентов групп ЮК-17-01, ЮК-17-02.

**27 февраля** для выпускников столичных школ и колледжей прошел День открытых дверей. Будущие абитуриенты получили подробную информацию об образовательных программах, познакомились с интересными фактами из истории института, пообщались с преподавателями и студентами и задали волнующие их вопросы.

**27 февраля** Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции совместно с посольством Великобритании в Казахстане и Академией управления при Президенте РК провели семинар на тему «Права человека» с участием британского юриста Джонатана Купера и известного казахстанского адвоката Айман Умаровой. В работе семинара приняли участие студенты образовательной программы «Юриспруденция» и старший преподаватель Г.А. Канафина.

**27 февраля** с участием студентов группы ПМНОК-17-01 в рамках празднования Дня благодарности был проведен открытый кураторский час на основе трудов Абая.

**28 февраля** кандидат педагогических наук, и.о. профессора Н.Т. Ныгыманова и студенты группы ПМНОк-18-01 оказали благотворительную помощь многодетной маме Ферузе Ходжиакбаровне Атабек, воспитывающей малолетних детей.

продолжение на 4-ой странице ▶

# ТАРИХШЫЛАР АБАЙДЫҢ «ЕСКЕНДІР» ПОЭМАСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



«Жас ұрпақ» редакциясының тапсырмасымен, біз оқу процессі аясында Абайдың шығармаларын пайдалану туралы мәселені қозғап, тарихшы-профессор А.Ж. Аманбаевпен сұхбат жүргізген едік.

**– Алмат Жұманұлы, Абайдың өмірбаяны мен қоғамдық-саяси және этикалық көзқарастары Қазақстанның жаңа заман тарихы аясында оқытылатыны белгілі. Ал енді басқа да тарихи пәндер аясында қолдануға келе ме? Мысалы, Қазақстанның көне және ортағасыр тарихы пәні шеңберінде?**

– Аталмыш пәннің аясында «Сақ тайпалық одақтары мен мемлекеті» атты тақырып бар. Осыдан бірнеше апта бұрын осы тақырпты өткенде Т-19-01 тобында машықтау сабағының бір сағатын түгелімен Абайдың «Ескендір» поэмасына арнадық. Сабақ басында біраз студенттердің бұл поэманы Абайдың жазғанын ғана білетіндігі, ал оның мәтінін ешқашан оқымағандығы анықталған. Бұл жағдайды түзеу үшін студенттерге ұялы телефондарын ашқызып және поэманың мәтінін тапқызып, тыңдауды, ал Арман Айгерім деген студентке мәнерлеп оқып беруін ұсындым. Осыған тек тоғыз жарым минут уақытымыз кетті.

**– Сондағы қол жеткізген бірінші нәтижеңіз барлық студенттерді шығарманың мазмұнымен таныстыру болды ғой?**

– Дәл солай дей алмаймын. Себебі студенттердің көпшілігі бұл шығармамен мектеп жасында қазақ әдебиеті сабақтарында танысқан болып шықты. Дегенмен оларға да поэманың мәтінін ой өзегінен қайта өткізудің артық болмағанын олардың өздері де мойындады. Ал мәтінін оқымағандар енді онымен де танысты.

**– Ал сонан соң сабағыңыз қалайша жалғасты?**

– Сосын алдын ала дайындаған сілтеме сұрақтарымды қоя отырып, студенттердің өздерін сөйлеттім. Поэманы талқылау қызу түрде жүре бастады. Сабақ соңында бірнеше студентке болған пікірталасты тұжырымдап қортындылауды және осы сабақтан алып шыққан жаңалықтары туралы сұрадым. Олар жақсы қорытындылар жасады. Менің олардың пікірлеріне шамалы қосқаным болды.

**– Әңгімеміздің соңында студенттердің осы сабақтан алып шыққан жаңалықтары туралы не айтқанын таныстыра кетуіңізді өтінемін.**

– Студенттерді алдымен аса таңғалдырғаны, Абайдың тек өз халқының тарихына ғана емес, ерте замандағы әлемдік тарих пен философиясына да үлкен мән беріп, оларды жетік білгені. Бұл шығармасын ол 1882-1903 жылдары жазған екен. Сонда XYIII ғ. мәселелеріне қазақтардан бірінші болып Абай Құнанбайұлы да назар аударған.

Екіншіден, осы көркемдік еңбегінде қазақ ойшылы екі тарихи тұлғаларды бір-бірімен кездестіреді – Македония патшасы Ескендір Зұлқарнай (Александр Македонский) мен философ Аристотельді (шындығында, ол Ескендірдің сақтарға қарсы соғысына жетпей қайтыс болған). Екеуін салыстыра келе, Абай біріншісін тойымсыз, ашкөз, аса қатыгез етіп көрсетсе, ал екіншісінің бойында білімпаздық, даналылық, адамгершілік қасиеттерінің болғанын танытты. Сонда Абай екі мың жылдық тарихы бар Ескендір Зұлқарнайды дәріптеп көрсетуші еуропалық дәстүрді бұзып, ең алғашқысы болмаса да, солардың бірі болып оны әбден сынап сипаттаған тұлға. Үшіншіден, студенттердің осы сабақтан алып шыққан тағы бір жаңалығы – ол жоғарыда көрсетілген еуропалық дәстүр аясында Ескендірдің Жеңімпаз Александр (Александр Непобедимый) деп аталуының тарихи шындыққа қайшы келетініне көз жеткізуі. Шындығында, б.з.д. 327 жылы Яксарт (Сырдария) өзенінің орта ағысына (қазіргі Қызылорда қаласының маңайы) келіп жеткен Ескендір парадарайя сақтарынан осы тұста жеңіліске ұшырады. Студенттерімнің осындай дәйектеп қортындылау жасағанына әбден риза болдым.

**– Сұхбатыңызға рахмет.**

Сымбат Абельдинова,
педагогика кафедрасының
үйлестірушісі



# АБАЙ-БИ ӘРІ ЗАҢГЕР

Мендей ғаріп кез болса,
Мойын салсын, ойлансын.
Қабыл көрсе сөзімді,
Кім таныса, сол алсын.
Не пайда бар – мың надан
Сыртын естіп таңдансын.
Онан дағы бір есті
Ішкі сырын аңғарсын, -

деп жырлаған Хакім Абайдың жүректен шыққан ойлы сөздерінің мән-мағынасы тереңде жатыр. Шынымен де, Хакім Абай өлеңдері сол кездегі қазақ қоғамы өмірінің қыр-сырын, өзекті мәселелерін шынайы суреттеп, қазақ әдебиеті сарынына бай рухани мұра қалдырды. Бүгінде біз Абайды қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ағартушы, классик ақын ретінде танып білсек, сонымен қатар Абайдың білікті заңгер, өз заманының әділ биі және ел басқарудың жүгін қайыспай көтерген нар тұлғалы қоғам қайраткері екенін де ұмытпағанымыз абзал. 1885 жылы мамырда Қарамолада өткен кезектен тыс құрылтайда Абай көпшіліктің қалауымен сот болып сайланып, сол кезде халық арасындаға қылмысты түбегейлі жоюға негізделген 74 бөлімнен тұратын заңды қабылдауға белсенді араласады. Өзінің әділ шешімімен, турашылдығымен және де адамгершілігімен халықтың жүрегінен орын тапқан Хакім Абайдың ұлағатты идеялары мен асыл сөздері бүгін де ел саясаты мен ел басқарудың айқын үлгісі екені сөзсіз. Себебі Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Сайып келгенде, Абай болмысы жеке – дара бір төбе екені сөзсіз.

Альбина Маденова,
ЮК-16-01 тобының студенті,
ҚР Президенті стипендиясының иегері

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ – АБАЙДЫҢ ХАЛҚЫ

Президент мақаласында: «Абайдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау шетелдерде де жалғасады. Ресейдегі, Франциядағы, Ұлыбританиядағы және басқа да мемлекеттердегі Қазақстанның елшіліктері жанынан «Абай орталықтарын» құру жоспарланып отыр. Бұл мәдени іс-шараларды ысырапшылдыққа жол бермей ұйымдастыру қажет», – дейді. Енді осы ашылған орталықтардың міндетіне «Абай оқуларын» Халықаралық деңгейге көтеруге еңбек ету. Байқаудың жүлде қорын көбейту арқылы шетелдік қатысушыларды тарту болу керек деп ойлаймыз. Жалпы, кез келген істе жүйелілік, бірізділік болса – нәтиже болады. «Абайтану» пәні мамандығына қарамастан міндетті пәндер қатарына қосса! Әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелерінде, топтың оқу тіліне қарамастан «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы», «Абайтану» – осы төрт пән оқытылса. Мектеп, орта білім, жоғары білім деңгейлеріне байланысты оқу бағдарламаларын жаңғыртып, жаппай мемлекеттік ауқымда жүргізілсе деген ниет. «Бұл тойдың тұсындағы басты мақсатымыз – бүкіл халықтың ұлт ұстазы алдындағы өзіндік бір есеп беруі іспеттес болуға тиіс деп білемін.

Аслан Әлімбаев,
аға оқытушы,
ғылым магистрі

# ЧИСТАЯ ЭКОЛОГИЯ – ЗДОРОВАЯ НАЦИЯ



По инициативе кафедры юридических дисциплин и социального клуба «Zhas qanat» в Евразийском гуманитарном институте 26 февраля 2020 года состоялась встреча с вице-президентом волонтерской организации «Let's Do It Qazaq Eli!» Шасалимом Шагалимовым, который также является разработчиком мобильного приложения "Zhasyl Qalqan" и организатором «Всемирного дня чистоты в Казахстане». На встречу были приглашены все студенты ВУЗа. Целью мероприятия было обсуждение вопроса сохранения биоразнообразия не только в городе, но и за его пределами. Шасалим Шагалимов представил нам свою презентацию, в которой он рассказал об очень интересных проеках в сфере защиты окружающей среды.

По словам Шасалима Шагалимова проблема с бытовыми отходами является самой актуальной в мире. Он рассказал также, с чего начать и как бороться с экологическими проблемами, назвал ряд предметов, которые причиняют вред не только животным, но и обществу. Для того, чтобы уменьшить уровень загрязнения окружающей среды, Шасалим Шагалимов организовал очень много проектов, по которым уже ведутся масштабные работы. Например, акция "Мы за чистую страну". Благодаря этой акции с 2014 года проведено более 40 субботников вокруг столицы и в ее окрестностях, собрано более 500 тонн мусора. После выступления гостю были заданы интересующие аудиторию вопросы. Многим участникам данного мероприятия очень понравилось приложение "Zhasyl Qalqan", которое показывает, насколько загрязнен воздух в городе; через приложение можно снять нарушение на улице (мусор на дороге или стихийную свалку) и отправить в Акимат города для исправления ситуации. Можно заказать посадку дерева, можно также общаться с другими участниками и организовывать свои акции.

Таким образом, все проекты, презентованные Шасалимом Шагалимовым, позволяют понять, что забота об экологии начинается с каждого конкретного человека.

Рустем Шуханов,
студент группы ЮР 18-01,
координатор волонтёрского и
социального корпуса
кафедры юридических дисциплин
«Qamqor bo Like»

# ВОЛОНТЕРСТВО: ОБЪЕДИНЯТЬ ЛЮДЕЙ, СЛУЖИТЬ НАРОДУ




12 февраля 2020 года в городе Нур-Султан в рамках Года волонтера Глава государства Касым-Жомарт Токаев официально запустил республиканский фронт-офис волонтеров «BIRGEMIZ», расположенный в павильоне «Art Hub» выставки ЭКСПО.

Во время открытия фронт-офиса Президент отметил, что заниматься добрым делом, делать добро людям – это традиция нашего народа с древнейших времен.

В мероприятии приняли участие волонтеры-делегаты со всей страны, в том числе и мы – студенты Евразийского гуманитарного института – руководитель социального клуба «Zhas Qanat», студент группы Юк-17-01 Жандос Актаев, члены социального клуба «Zhas Qanat», студент группы Юр-18-01 Рустем Шуханов и студентка группы Юк-19-01 Айгерим Абильдина, а также председатель комитета по делам молодежи Евразийского гуманитарного института Н.Т. Тырнахан.

В ходе открытия фронт-офиса была презентована работа онлайн платформы «QAZVOLUNTEER.KZ», а также площадок по 7-ми отраслевым направлениям волонтерства: «Bilim», «Qamqor», «Úmit», «Sabaqtastyq», «Taza Álem» и «Saúlyq». Хотел бы отметить, что открытие было организовано на высоком уровне, предлагались различные тематические площадки разной направленности, и во всех обсуждениях каждый желающий мог принять участие.

Айгерим Абильдина,
студент группы Юк-19-01

◀ начало на 2-ой странице

**28 февраля** в рамках празднования 1150-летия всемирно известного мыслителя Абу Насыра аль-Фараби и 175-летия великого поэта, композитора, философа, политика, просветителя Абая Кунанбаева кафедра экономических и математических дисциплин провела открытый кураторский час на тему «Великий Абай великого народа» для студентов образовательной программы «Финансы».

**28 февраля** на кафедре юридических дисциплин был проведен круглый стол на тему «Ответственность за противоправные деяния, связанные с терроризмом и экстремизмом». В работе круглого стола приняли участие студенты группы ЮР-19-01 и куратор группы Альмухамбетов Ж.Н.

**29 февраля** студентка третьего курса образовательной программы «Педагогика и психология» Анастасия Шендрик (группа ППС-17-01) приняла участие в обучающем семинаре «От интеграции к инклюзии – новая задача педагога».

**МАРТ**

**2 марта** в читальном зале библиотеки ЕАГИ была организована книжная выставка, приуроченная к 1150-летию Абу Насыр аль-Фараби и 175-летию Абая Кунанбаева. Целью выставки является популяризация казахской литературы и повышение интереса студентов к изучению литературного наследия Казахстана.

**4 марта** в Евразийском гуманитарном институте совместно с колледжем ЕАГИ прошло тактико-специальное учение «Гражданская оборона и первая помощь в каждом доме».

**4 марта** доцент кафедры педагогики А.Т. Аязбаева и группа МДТ-19-01 в рамках практического занятия по дисциплине «Дошкольное инклюзивное образование» посетили Центр социального обслуживания города Нур-Султан.

**4 марта** в Евразийском гуманитарном институте прошла благотворительная ярмарка, организованная социальным клубом «Zhas Qanat» и антикоррупционным клубом «Саналы Ұрпақ» совместно с Департаментом Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции по г. Нур-Султан и ГКП на ПХВ «Городская поликлиника №11» г.Нур-Султан. На собранные средства были приобретены подарки к Международному женскому дню 8 марта для девушек и женщин с ограниченными возможностями здоровья.

**4 марта** в институте прошло мероприятие под названием «Қыз – болашақ Ана», организованное членами кружка «Асыл қазына».

**6 марта** в группе ЮР-17-01 (куратор группы Г.А. Канафина) был проведен кураторский час на тему «Абай дара – қазақта».

Материалы рубрики подготовлены руководителем пресс-центра ЕАГИ м.ю.н. Г.А. Канафиной

# *Құттықтаймыз! Поздравляем!*




28 февраля 2020 года прошли ежегодные соревнования среди всех вузов города Нур-Султан в рамках Универсиады-2020 по «Асык ату» и «Бес асык». Жансая Әли (группа ПМНОК-18-01) была награждена дипломом в номинации «Шебер ойыншы»!

Поздравляем студентку группы ИЯ 18-02 Санию Булаткулову за занятие III место по французскому языку (научный руководитель: м.г.н. Б.А. Сиренова) на Международной олимпиаде 28 февраля 2020 года в ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, проводимой в честь 175-летия со дня рождения Абая Кунанбаева.





21 февраля 2020 года в Казахском агротехническом университете им. С.Сейфуллина прошла Республиканская научно-теоретическая конференция «Student and Science: future view». По итогам конференции Сания Булаткулова (группа ИЯ-18-02) стала обладателем диплома I степени (научный руководитель: м.г.н. Б.А.Сиренова) и Карина Бейсекеева (группа ПДК-17-01) завоевала диплом III степени (научный руководитель: м.п.н. Л.У. Алипбекова). Желаем дальнейших успехов и трудолюбия в науке!



28 февраля в КАЗГЮУ имени М.С. Нарикбаева прошла ежегодная олимпиада «WeareSmart», в которой приняла участие команда кафедры иностранных языков под руководством м.г.н., ст. преподавателя Н.И.Демидковой в составе: Анна Вагурина (группа ИЯ 18-01), Ансар Сарсыков (группа ИЯ 18-01), Влада Гридина (группа ИЯ 18-01), Алика Джангунакова (группа ИЯ 18-02), София Арапханова (группа ПДТ 19-01). Наши студенты прекрасно продемонстрировали свои знания и интеллектуальные способности на всех этапах олимпиады. По итогам конкурсов команде студентов ЕАГИ было присвоено I место. Организаторы мероприятия вручили студентам сертификаты и памятные подарки. Мы гордимся нашими студентами и желаем достижения новых высот!

2020 ж. 13 ақпанда педагогика кафедрасының үйлестірушісі А.Т. Аязбаева ЕАГИ-дің «Асыл жүрек» клубының волонтерлерімен бірге «Жанұя» отбасылық қолдау институтының орталығына барды.

Волонтерлер денсаулығына орай ерекше білім алу мүмкіндіктері бар балалар мен олардың ата-аналарына арналған тренингтер өткізді.

Тренинг барысында қатысушылар белсенді, мейірімді болды және жағымды кері байланыс орнатты.

Тренинг соңында «Жанұя» орталығының басшылығы «Асыл жүрек» клубының волонтерлеріне алғыс хат тапсырды.




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ДИПЛОМ

Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы аясында 2020 жылдың 14-15 ақпаны күндері аралығында ұйымдастырылған «Менің пірім – Сүйінбай» IV республикалық жас ақындар айтысының

«ЕРІК АСҚАРОВ» АТЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ЖҮЛДЕ ИЕГЕРІ

Өмірбеков Нұрдәулет

МАРАПАТТАЛАДЫ

РЕКТОР Т. БАЛЫҚБАЕВ

СҮЙІНБАЙ

АЛМАТЫ, 2020

Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы аясында Алматы қаласында 2020 жылдың 14-15 ақпан күндері аралығында өткен «Менің пірім Сүйінбай» атты IV республикалық жас ақындар айтысына қатысқан Еуразия гуманитарлық институты «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенті Өмірбек Нұрдәулетті «Ерік Асқаров» атындағы арнайы жүлдеге ие болуымен құттықтап, шығармашылығына толағай табыстар тілейміз.

## ДЕБАТЫ: «МОЛОДЕЖЬ ПРОТИВ КОРРУПЦИИ»



10-11 марта 2020 года антикоррупционным студенческим клубом «Саналы Ұрпақ» и социальным клубом «Zhas Qanat» Евразийского гуманитарного института совместно с Департаментом Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции по г. Нур-Султан проведен дебатный турнир на тему «Молодежь против коррупции». С приветственным словом выступили проректор по воспитательной работе, к.п.н., профессор Оспанова Я.Н., председатель КДМ, магистр Тырнахан Н.Т., а также лидер антикоррупционного студенческого клуба «Саналы Ұрпақ» Карим И. В ходе дебатов были обсуждены идеи и механизмы борьбы с коррупцией, в частности, пути совершенствования законодательства по борьбе с указанной проблемой.

Победителями дебатного турнира признаны участники команды «Дети Афины» Айтуганов Темирлан (группа ПМНОК-18-01) и Оразалин Азат (группа ПД-19-01). По итогам турнира II место завоевала команда «Top of the Top» в составе Адильханова Амира (группа ЮР-18-01) и Мадиярова Алдияра (группа ЮР-18-02). Лучшим спикером дебатного турнира признан Мүсәлім Тәнірберген (группа ЮРТ-19-01), а победителем в номинации «Лучший судья» стал Актаев Жандос (группа ЮК-17- 01). Всем участникам турнира были вручены благодарственные письма Департамента Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции по г. Нур-Султан.


Грамота

Федерация стрельбы из лука, арбалета и дартса

НАГРАЖДАЕТ Игибаеву Гаухар

за занятое 1 место в Чемпионате Республики Казахстан по стрельбе из лука в помещении среди взрослых и юниоров, на дистанции 25 метров

Желаем Вам новых спортивных достижений, крепкого здоровья и успехов

К.М.Сулейбаев

Студентка 1 курса, обучающаяся по образовательной программе «Право» (группа ЮР-19-01), мастер спорта Республики Казахстан по стрельбе из лука Гаухар Игибаева заняла I место на Чемпионате Республики Казахстан среди взрослых и юниоров, который проходил 9 февраля 2020 года г.Темиртау.

Сборы и спортивные соревнования не мешают Гаухар получать образование в высшем учебном заведении. Она успешно совмещает профессиональные занятия спортом с учебой. Желаем нашей студентке новых побед!

# СОРЕВНОВАНИЯ ПО ШАХМАТАМ И ТОҒЫЗ ҚҰМАЛАҚ



7 февраля 2020 года в Евразийском гуманитарном институте прошли соревнования по шахматам и «Тоғыз кұмалақ», посвященные празднованию 1150-летия Абу Насыр аль-Фараби. В турнире приняли участие студенты всех специальностей.

По итогам соревнований, а именно: по шахматам места были присуждены следующим образом: 1 место – студенту группы ИК-18-01 специальности «История» Мерген Әділхану; 2 место – студентке группы ДОВК-18-01 специальности «Дошкольное обучение и воспитание» Тойшыбай Лазиме; 3 место – студенту группы ИЯК-18-03 специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» Ерден Ерасылу.

А по итогам соревнований по «Тоғыз кұмалақ» места были распределены следующим образом: 1 место было присуждено студентке группы ИЯК-18-03 специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» Шакировой Алуе; 2 место – студенту группы ИЯК-18-03 специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» Ерден Ерасылу; 3 место – студентке группы ПМНОк-18-01 специальности «Педагогика и методика начального обучения» Әшірбек Толғанай.

Победители были награждены дипломами и медалями.



Газета Евразийского гуманитарного института “Жас ұрпақ”
Газет тоқсан сайын шығады.
Выходит ежеквартально.

Регистрационное свидетельство № 992-Г от 19.12.1999 г.
Выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

**Редактор:** Я. Оспанова
**Учредитель:** ректорат ЕАГИ
**Верстка:** А. Заркешева

**Тираж:** 500 экз.

**Адрес:**
г. Нур-Султан, пр. Жумабаева, 4.
**E-mail:** eagi@list.ru
www.egi.kz